



“Арқалық қаласындағы облыстық  
№2 әмбебап ғылыми кітапханасы” КММ

Ақпараттық-библиографиялық  
қамтамасыз ету бөлімі

## «Торғай топырағынан тулеген ақын»

ақын, журналист,  
аудармашы, драматург

**Серік  
Тұрғынбекұлы**  
**80 жаста**

(библиографиялық  
көрсеткіш)



Арқалық қаласы, 2026 жыл



*«Арқалық қаласындағы облыстық  
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ  
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі*

**«Торғай топырағынан  
түлеген ақын»**

ақын, журналист, аудармашы, драматург  
Серік Тұрғынбекұлы 80 жаста  
(библиографиялық көрсеткіш)

ӘОЖ 821.512.122(01)

КБЖ 91.9:83

Т 60

**Құрастырушы:** Ж.К.Туякбаева

**Шығарылымға жауапты:** С.А.Алматова

**Мұқабаны безендірген:** Ж.К.Туякбаева

**Редактор:** Ж.К.Абжанова

«Торғай топырағынан түлеген ақын» [Мәтін] :[ақын, журналист, аудармашы, драматург Серік Тұрғынбекұлының 80 жасқа толуына арналған] : библиографиялық көрсеткіш / Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі [құраст.: Ж.К. Туякбаева ; шығарылымға жауапты: С. А. Алматова ; ред: Ж. К. Абжанова]. – Арқалық : [б.б.], –б. сурет. – қазақ тілінде.

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі Серік Тұрғынбековтың 80 жасқа толуына арналған библиографиялық көрсеткіш дайындады. Библиографиялық көрсеткіште Серік Тұрғынбековтың өмірі мен шығармашылығы жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 821.512.122(01)

КБЖ 91.9:83

© Ж.К. Туякбаев

## Құрастырушыдан

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы ақын, журналист, аудармашы, драматург, жерлесіміз Серік Тұрғынбекұлының 80 жасқа толуына арналған библиографиялық көрсеткішін әзірлеп оқырман назарына ұсынды.

Библиографиялық көрсеткіште ақынның өмір жолы мен шығармашылығы жайындағы мағлұматтар берілген.

Бөлімдер Серік Тұрғынбекұлының жыр жолдары, мерзімді басылым бетіндегі жарияланымдарының, оның өмірі мен шығармашылығы жайындағы кітаптары мен мақалаларының, сондай-ақ әңгімелері мен сұхбаттарының тізімінен тұрады.

Аталған библиографиялық көрсеткішке кітапхана қорындағы материалдар енгізілген.

## Ақынның әдеби мұрасы

Қазақ поэзиясының ақжал арғымағы атанған ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының, Бүкіл Түрік поэзиясы фестивалінің лауреаты, жерлесіміз Серік Тұрғынбекұлы 1946 жылы 1 наурызда Қостанай облысы, Жанкелдин ауданы Ақшығанақ ауылындағы Төлеген қыстауында дүниеге келді.

Еңбек жолын туған ауданының «Жаңа өмір» аудандық газетінен бастаған (1964–1967).

1966 ж. Алматыдағы С. М. Киров ат. ҚазМУ журналистика факультетіне қабылданады.

1967–1973 жж. Қазақ радиосында редактор,

1973–1978 жж. респ. «Лениншіл жас» жастар газетінің (қазіргі «Жас Алаш») Торғай, Қостанай обл. бойынша меншікті тілшісі болып Арқалыққа аттанады.

1978 ж. Алматыға қайта оралып, Республикалық халық шығармашылығы үйінде фольклор бөлімшесіне басшылық етті. 1980 ж. Қазақ теледидарының әдеби-драмалық хабарлар Бас редакциясында редактор, 1981–1985 жж. ҚазКСР Баспа, полиграфия, кітап саудасы істері жөніндегі мем. комитетінің аға редакторы, кейін «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі болып істеді. «Ақиқат» журналында, Мәдениет министрлігінің репертуарлық-редакциялық алқасында, Ғ. Мүсірепов ат. балалар мен жастар театрында, ҚазКСР Баспа кітабында түрлі жауапты қызметтер атқарды.

1985 жылдан зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін Астана (қазір Нұр-Сұлтан) қаласындағы С. Сейфуллин мұражайының директоры болды.

Бірнеше жыр жинақтарының авторы. Ақынның алғашқы «Қобыз» атты өлеңдер жинағы 1974 ж. жарыққа шықты. Кейінгі жылдары «Көкейкесті» (1978), «Торғай толғаулары» (1981), «Жүрегімнің сәулесі» (1983), «Тыңда түлегендер» (1983), «Кеш келген көктем» (1985), «Сүйген жүрек», «Асан ата ізімен», «Жерорта» (1999) және т.б. шығармалары жарық көрді.

«Махамбет пен Жәңгір хан», «Кейкі батыр», «Сәкен сұңқар» және т.б. дастандарының, «Нұрхан», «Мұқағали» пьесаларының авторы.

Серік Тұрғынбекұлы қазақ әндерінің авторы ретінде де елге танымал.

Ақынның аудармасымен А. Твардовскийдің лирикалық өлеңдері «Перзент сыры» деген атпен шықты (1984), «Бауырлас жылдар» сериясы бойынша

П. Богдановтың «Москва үшін шайқас» поэмасы (1985) қазақ оқырмандарына ұсынылды.

Ақын «Кейкі батыр» тарихи дастаны үшін «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығын алды (2003), «Махамбет және Жәңгір хан» дастаны ЮНЕСКО көлемінде өткен ақын Махамбеттің 200 жылдық мерейтойында «Махамбет» сыйлығының иегері атанды (2003), түрік поэзиясының лауреаты.

«Парасат орденінің иегері (2016). Жангелдин ауданының құрметті азаматы (2016).

Бірнеше драмалық шығармалары республика театрларында сахналанған.



## Шығармалары:

1. Тұрғынбекұлы, С. Кейкі батыр [Мәтін] / С. Тұрғынбекұлы ; алғы сөзін жазғ.: Ә. Кекілбайұлы, А. Сейдімбек. – Астана : Фолиант, 2017. – 320 б.
2. Тұрғынбекұлы, С. Халқым деп соққан жүрегі [Мәтін] : Орал Мұхамеджанов жайлы естеліктер жинағы / [кұраст.: С. Тапаев, С. Тұрғынбекұлы]. – Астана : Фолиант, 2015. – 268 б.
3. Тұрғынбекұлы, С. Таңдамалы [Мәтін] : / С. Тұрғынбекұлы. – Астана : Фолиант, 2014. – Т. 1: Өлеңдер мен балладалар. – 384 б.
4. Тұрғынбекұлы, С. Таңдамалы [Мәтін] : / С. Тұрғынбекұлы. – Астана : Фолиант, 2014. – Т. 2 : Өлеңдер мен дастандар. – 408 б.
5. Тұрғынбекұлы, С. Ғарыш – қазақ [Мәтін] : поэма / С. Тұрғынбекұлы. – Астана : Фолиант, 2012. – 136 б.
6. Тұрғынбекұлы, С. Ақан сері – Балқадиша [Мәтін] : лирикалық поэма /С. Тұрғынбеков. – Астана, 2006. – 68 б.
7. Тұрғынбекұлы, С. Жерорта [Мәтін] : жыр кітабы / С. Тұрғынбекұлы. – Алматы : Жазушы, 1999. – 208 б.
8. Тұрғынбекұлы, С. Кейкі батыр [Мәтін] : тарихи дастан / С. Тұрғынбекұлы. – Алматы : Білім, 2001. – 153 б.
9. Тұрғынбеков, С. Асан ата ізімен [Мәтін] : өлеңдер / С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жазушы, 1988. – 104 б.
10. Тұрғынбеков, С. Сүйген жүрек [Мәтін] : өлеңдер мен толғаулар / С.Тұрғынбеков. – Алматы : Жалын, 1986. – 128 б.
11. Тұрғынбеков, С. Кеш келген көктем [Мәтін] : өлеңдер мен балладалар / С.Тұрғынбеков. – Алматы : Жазушы, 1985. – Б. 96.
12. Тұрғынбеков, С. Торғай толғаулары [Мәтін] : өлеңдер мен поэма / С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жазушы, 1981. – 87 б.
13. Тұрғынбеков, С. [Мәтін] : өлеңдер / С.Тұрғынбеков. – Алматы : Жалын, 1978. – Б. 64.
14. Тұрғынбеков, С. Көкейкесті [Мәтін] : өлеңдер / С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жалын, 1978. – 64 б.
15. Тұрғынбеков, С. Қобыз [Мәтін] : өлеңдер / С. Тұрғынбеков. – Алматы : Жазушы, 1974. – Б. 71.

## Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

16. Тұрғынбекұлы, Серік. Серікбайға сыр [Мәтін] : (75-ке толғанда – жыр-шашу) : [ақын С. Оспановқа] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 1 сәуір. – Б. 4.
17. Тұрғынбекұлы, Серік. Аспандағы Ай жалғыз – Абай жалғыз [Мәтін] : [ақын А. Құнанбаевтың 175 жылдығына : өлеңдер] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 4 қыркүйек. – Б. 8.
18. Тұрғынбеков, Серік. Тектінің тұяғы [Мәтін] : [ауыл шаруашылығы қызметкері Серікбай Бірімжанұлы Тапаев] / Серік Тұрғынбеков // Қостанай таңы. – 2018. – 9 ақпан. – Б. 6.
19. Тұрғынбеков, Серік. Ақкісі – менің ауылым [Мәтін] : [ән нотамен берілген] : (Аудан тойына – ән-шашу) / әні : Қалибек Деріпсалдиндікі ; сөзі Серік Тұрғынбекұлынікі // Аманкелді арайы. – 2018. – 14–21 қыркүйек. – Б. 12.
20. Тұрғынбеков, Серік. Қайран ағам! [Мәтін] : [өлең] / С. Тұрғынбеков // Қостанай таңы. – 2018. – 3 қазан. – Б. 8.
21. Тұрғынбекұлы, Серік. Жаңа әліпби – заман талабы [Мәтін] : [латын әліпбиіне көшу туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2017. – 12 қыркүйек. – Б. 2.
22. Тұрғынбекұлы, Серік. Кейкі батыр [Мәтін] : (Тарихи дастан) / Серік Тұрғынбекұлы // Аманкелді арайы. – 2017. – 15 қыркүйек. – Б. 4–5 ; 22 қыркүйек. – Б. 4–5 ; 29 қыркүйек. – Б. 4.
23. Тұрғынбекұлы, Серік. Шақшақ Жәнібек және оның ұрпақтары [Мәтін] : [тарихи эссе] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2017. – 13 қыркүйек. – Б. 8–9.
24. Тұрғынбеков, Серік. Осы өлең кімге керек? [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Қостанай таңы. – («Қостанай ақшамы» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2016. – 22 шілде. – Б. 12.
25. Тұрғынбекұлы, Серік. Тұрушы ең бір шың боп [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Ана тілі. – 2015. – 10–16 қыркүйек. – Б. 8.
26. Шақшақ Жәнібек туралы толғау [Мәтін] : (Қостанайдағы ескерткішінің ашылуына орай) / Серік Тұрғынбеков // Қостанай таңы. – 2017. – 13 қыркүйек. – Б. 9.
27. Тұрғынбекұлы, Серік. Іні рухымен сырласу [Мәтін] : [өлең : дәрігер Амантай Мұқатовқа арналған] / Серік Тұрғынбекұлы // Арқалық хабары. – 2015. – 17 сәуір. – Б. 4.
28. Тұрғынбекұлы, Серік. Қайран, жеңешем [Мәтін] : [әңгіме] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2015. – 15 мамыр. – Б. 8.
29. Тұрғынбекұлы, Серік. Аға рухына тағзым [Мәтін] : (жыр-толғау) / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2014. – 7 қаңтар. – Б. 6.
30. Тұрғынбекұлы, Серік. Серіні сағыну [Мәтін] : [жазушы Сәкен Жүнісов туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Жас Алаш. – 2014. – 17 шілде. – Б. 5.
31. Тұрғынбекұлы, Серік. Алаштың арыстарын ар тұтқан [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Қазақ. – 2014. – 19 желтоқсан. – Б. 8.
32. Тұрғынбекұлы, Серік. Астана – дастан [Мәтін] : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбекұлы // Ана тілі. – 2013. – 4 шілде. – Б. 6–7.

33. Тұрғынбекұлы, Серік. Ахмет – Іңқар [Мәтін] : (лирикалық дастаннан үзінді) / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2013. – 9 қаңтар. – Б. 9 ; Егемен Қазақстан. – 2013. – 24 сәуір. – Б. 13.
34. Тұрғынбекұлы, Серік. Бүгінгі күннің балладалары [Мәтін] : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбекұлы // Жас Алаш. – 2013. – 21 қараша. – Б. 5.
35. Тұрғынбекұлы, Серік. Ғали ақынның ғаламы [Мәтін] : [ақын Ғали Орманов] / Серік Тұрғынбекұлы // Ана тілі. – 2013. – 12 қыркүйек. – Б. 3.
36. Тұрғынбеков, Серік. Ақынжанды журналист [Мәтін] : [Жұмат Әнесұлы туралы] / Серік Тұрғынбеков // Ана тілі. – 2012. – 1 наурыз. – Б. 7.
37. Тұрғынбекұлы, Серік. Алдымнан сыландаса сағымды үміт [Мәтін] : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбекұлы // Жұлдыз. – 2012. – № 2. – Б. 148–151.
38. Тұрғынбекұлы, Серік. Шераға [Мәтін] : [жазушы Шерхан Мұртазаға : өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 2 қазан. – Б. 9.
39. Тұрғынбекұлы, Серік. Сырлы әлем [Мәтін] : [ақын Сырбай Мәуленовтың шығармашылығы туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 22 қараша. – Б. 5.
40. Тұрғынбекұлы, Серік. Кеңшіліктің кейбір кездері... [Мәтін] : [эссе] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2011. – 15 маусым. – Б. 4–5.
41. Тұрғынбекұлы, Серік. Кеңшіліктің кейбір кездері... [Мәтін] : [эссе] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2011. – 15 маусым. – Б. 4–5.
42. Тұрғынбекұлы, Серік. Қасымды қастерлеу [Мәтін] : [ақын Қасым Аманжолов туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2011. – 2 қыркүйек. – Б. 4.
43. Тұрғынбекұлы, Серік. Серікбайдың сегіз қыры [Мәтін] : [ақын Серікбай Оспанұлының ақындығы, әншілігі, ерлігі, ұстаздығы, ғалымдығы туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2010. – 2 сәуір. – Б. 7.
44. Тұрғынбекұлы, Серік. Ғарыш – қазақ [Мәтін] : Қазақтың тұңғыш ғарышкері, Кеңестер Одағының Батыры, Халық қаһарманы Тоқтар
45. Әубәкіров туралы жыр-дастан / Серік Тұрғынбекұлы // Жалын. – 2010. – № 5 – Б. 11–23.
46. Тұрғынбекұлы, Серік. Ақынның нақышты жырлары [Мәтін] : [Н. Мұқатов өлеңдері] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2009. – 13 наурыз. – Б. 4.
47. Тұрғынбекұлы, Серік. Аға жайлы жыр [Мәтін] : [өлең] : Жолбарыс қажы Баязидтің мерейтойына / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2009. – 5 мамыр. – Б. 5.
48. Тұрғынбекұлы, Серік. Бурабайда кім атты екен бұғыны?! [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2009. – 28 қазан. – Б. 8.
49. Тұрғынбекұлы, Серік. Жасын жырдың жарқылы [Мәтін] : [ақын Жарасқан Әбдіраш туралы] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2008. – 26 наурыз. – Б. 5.
50. Тұрғынбекұлы, Серік. Сырағаң сыйлаған сырлы сәттер [Мәтін] : [Сырбай Мәуленов] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2007. – 15 қыркүйек. – Б. 5.
51. Жақан Қосабаев қазасына [Мәтін] / Серік Тұрғынбекұлы // Біздің Торғай. – 2007. – 14 желтоқсан. – Б. 6.
52. Тұрғынбекұлы, Серік. Абайлап кара, қазаққа! [Мәтін] : өлең / С. Тұрғынбекұлы // Жас Алаш. – 2006. – 20 шілде. – Б. 5.

53. Тұрғынбекұлы, Серік. Армысың, асыл Астана! ; Салынып жатыр Астана ; Қала қандай! [Мәтін] : өлеңдер / Серік Тұрғынбекұлы // Астана. – 2006. – № 3. – Б. 32.
54. Тұрғынбекұлы, Серік. Қара жердің сықырлайды сүйегі [Мәтін] : өлеңдер / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2005. – 6 мамыр. – Б. 7.
55. Тұрғынбекұлы, Серік. Бірігейік бауырлар! [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан – 2005. – 1 желтоқсан. – Б. 1.
56. Тұрғынбекұлы, Серік. Ғалымжанға хат [Мәтін] : [қоғам қайраткері Ғалымжан Жақияновқа : арнау өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Азат. – 2004. – 3 наурыз – Б. 1.
57. Тұрғынбекұлы, Серік. Заңғар [Мәтін] : Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділов туралы естелік-эссе / Серік Тұрғынбекұлы // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 27 ақпан. – Б. 11.
58. Тұрғынбекұлы, С. Бәрібір сен тұрасың ең басында [Мәтін] : [өлең] / С. Тұрғынбекұлы // Егемен Қазақстан. – 2004. – 25 желтоқсан. – Б. 1.
59. Тұрғынбекұлы, Серік. Топжарғанның тойын өткізді Торғайдың халқы жиылып [Мәтін] : [ақын Н. Ахметбековтың туғанына 100 жыл толуына орай] / Серік Тұрғынбекұлы // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 19 желтоқсан. – Б. 10.
60. Тұрғынбеков, Серік. Өмірбек Жұмағали 60 жаста [Мәтін] : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбеков // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 1 ақпан. – Б. 4.
61. Тұрғынбекұлы, Серік. Сөзім менің [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2002. – 25 маусым. – Б. 15.
62. Тұрғынбекұлы, Серік. Кейкі батыр [Мәтін] : [тарихи дастан] / Серік Тұрғынбекұлы // Торғай. – 2002. – 25 қазан. – Б. 3.
63. Тұрғынбекұлы, Серік. Арман – дүние [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Торғай. – 1999. – 19 тамыз. – Б. 4.
64. Тұрғынбекұлы, Серік. Кейкі батыр [Мәтін] : (ықшамдалған журналдық нұсқа) : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбекұлы // Сары-Арқа. – 1998. – № 4. – Б. 14–28.
65. Тұрғынбекұлы, Серік. Көз жасымды көрсетпей... [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбекұлы // Қазақ әдебиеті. – 1997. – 30 желтоқсан. – Б. 1.
66. Тұрғынбеков, Серік. Бәрі... Бәрі өзгерді [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 20 ақпан. – Б. 5.
67. Тұрғынбекұлы, Серік. Өмір өтіп барады бұлаң қағып... [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Егемен Қазақстан. – 1996. – 27 ақпан. – Б. 6.
68. Тұрғынбеков, Серік. Көктемді күтіп жүрмін мен [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 30 сәуір. – Б. 4.
69. Тұрғынбеков, Серік. Жұмағали туралы жыр [Мәтін] : [өлеңдер] / Серік Тұрғынбеков // Торғай таңы. – 1993. – 28 қаңтар. – Б. 4.
70. Тұрғынбеков, Серік. Қалибекке [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Торғай таңы. – 1992. – 13 мамыр. – Б. 4.
71. Тұрғынбеков, Серік. Сол бір жас [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Торғай таңы. – 1977. – 3 желтоқсан. – Б. 4.
72. Тұрғынбеков, Серік. Әліби [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Торғай таңы. – 1974. – 1 шілде. – Б. 4.
73. Тұрғынбеков, Серік. Май сазы [Мәтін] : [өлең] / Серік Тұрғынбеков // Торғай таңы. – 1972. – 1 мамыр. – Б. 4.

## Аудармасы:

74. Твардовский, А. Т. Перзент сыры [Мәтін] : лирикалық өлеңдер / А.Т. Твардовский ; орыс тіл. ауд.: С. Тұрғынбеков. - Алматы: Жалын, 1984. - 64 б.

## Басқа авторлармен бірігіп жазған шығармалары:

75. Құлыяс, Т. Жыланның тілі [Мәтін] : роман және әңгімелер / Т. Құлыяс .; алғы сөз жазғ.: С. Тұрғынбекұлы. – Астана : Фолиант, 2012. – 544 б.
76. Бектемісұлы, Назарбек. Ахмет ұшқан алтын ұя [Мәтін] / Н. Бектемісұлы ; алғы сөз жазғ.: С. Тұрғынбекұлы. – Астана : Елорда, 2001. – 128 б.

## Ол туралы әдебиеттер

77. Серік Тұрғынбекұлы [Мәтін] // Астана : Жыр құшағында. Ән қанатында / [құраст. Г. Аманжолова]. – Астана, 2018. – Б. 315.
78. Құрманғали, Қ. Ақиқат айнасы [Мәтін] : [әдеби портрет] / Қ. Құрманғали. – Алматы : Айғаным, 2016. – 380 б.
79. Өз биігіне көтерілген ақын [Мәтін] : [Серік Тұрғынбековтың 70 жасқа толуына орай = к 70-летию поэта Серика Тургынбекова : библиогр.көрсеткіш = библиогр. указ.] / Л. Н. Толстой ат. Қостанай әмбебап ғылыми кітапханасы, Ақпараттық-библиографиялық бөлім ; [құраст. Ә. Қ. Сәлібаева ; ред. З. А. Варинке]. – Қостанай, 2016. – 18 б.
80. 2016 жылға берілген Арқалық қаласының атаулы күндер күнтізбегі [Электрондық ресурс] : библиогр. көрсеткіш / Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, әдістеме-библиографиялық бөлімі. – Арқалық, – 2015. – 1 электр. опт. диск (CD-ROM).
81. Серік Тұрғынбеков [Мәтін] // 2016 жылға берілген Арқалық қаласының атаулы күндер күнтізбегі : библиогр. көрсеткіш / облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиографиялық бөлімі ; [құраст. Г. К. Сейтқожина]. – Арқалық, – 2015. – Б. 20–22.
82. Серік Тұрғынбекұлы [Мәтін] : [ Жыр маржаны : он томдық : қазақ поэзиясының антологиясы] / құраст. М. Құлкенов, Г. Мұқышева. – Алматы : Мереке, 2014. – Т. 5. – Б. 291–299.
83. Серік Тұрғынбеков [Мәтін] : [Торғай елі : энцикл.] / құраст. Т. Рсаев ; ред. А. Ахметов. – Алматы, 2013. – Б. 413–414.
84. Жақсанов, О. Елім деп соққан жүрек [Мәтін] : [эсселер, портр.] / О. Жақсанов. – Қостанай : Шапақ, 2010. – 2- кітап. – Б. 392–396.
85. Серік Тұрғынбеков [Мәтін] : [Қазақстан жазушылары : анықтамалық : 75 жыл] / құраст.: Қ. Саят, Қ. Жұмашева. – Алматы : Арыс, 2009. – Б. 395.
86. Серік Тұрғынбеков [Мәтін] : [Торғай тарландары : өмірбаяндық энцикл.] / Ә. Жақып. – Астана, 2009. – 1т. – Б. 159–161.
87. Серік Тұрғынбеков [Мәтін] : [Қазақ әдебиеті : энцикл. Анықтамалық] / бас ред.: И. Н. Тасмағамбетов. – Алматы : Аруна баспасы, 2005. – 1т. – Б. 513.

## Мақалалар, сұхбаттар, әңгімелер:

88. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты: Менің ақындық тұсауымды Мұқағали кескен [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлымен сұхбат] / әңгімелескен Бекен Қайратұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2019. – 26 сәуір. – Б. 8.
89. Серік Тұрғынбекұлы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, ақын: «Өлеңінде мінезі жоқ ақындарды халықтың өзі шетке ысырып тастайды» [Мәтін] : [оқшау ой] / жауапты ред.: Жанар Дәулетқызы // Қазақ. – 2018. – 19 қаңтар. – Б. 11.
90. Сәбит Досанов, жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Түрік әлеміне сіңірген еңбегі үшін» Халықаралық сыйлықтың лауреаты: Жетпістегі жігіт Серік Тұрғынбекұлының мерейтойына орай өрбіген ой [Мәтін] : [ақын туралы] / [Сәбит Досанов] // Айқын. – 2016. – 18 наурыз. – Б. 10.
91. Сәлібаева, Ә. Қазақ поэзиясының сұңқары [Мәтін] : [Талантты ақын, даңқты жерлесіміз Серік Тұрғынбеков 70 жасқа толды] / Ә. Сәлібаева ; сурет ғаламтор желісінен алынды // Наш Қостанай. – («Біздің Қостанай» қосымшасы). – 2016. – 9 наурыз. – Б. 2.
92. Қойшыманов, Қасқырбай. Алаштың арда ақыны [Мәтін] : [Серік Тұрғынбеков 70 жаста] / Қасқырбай Қойшыманов // Қостанай таңы. – 2016. – 3 маусым. – Б. 4.
93. Ахметбеков, Байбатыр. Құрмет атағы берілді [Мәтін] : [Жангелдин ауданының құрметті азаматы] / Байбатыр Ахметбеков // Қостанай таңы. – 2016. – 9 қараша. – Б. 2.
94. «Аузын ашқанға ет аса берсек, құнымыздың қашқаны» [Мәтін] : [сұхбат] / Ой-отауда сұхбаттасқан Қасқырбай Қойшыманов // Қостанай таңы. – 2017. – 31 наурыз. – Б. 4–5.
95. Төлеуханқызы, Анар. Тосынның торғын құмын кешкен ақын [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлы] / Анар Төлеуханқызы // Егемен Қазақстан. – 2016. – 18 наурыз. – Б. 9.
96. Көшкінбай, С. Поэзияның бір мергені [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлы – 70 жаста] / С. Көшкінбай // Қостанай таңы. – («Қостанай ақшамы» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2016. – 4 наурыз. – Б. 18.
97. Ажимухан, Баян. Серік Тұрғынбекұлы Арқалық жастарымен кездесті [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлы] / Баян Ажимухан // Торғай. – 2015. – 6 ақпан. – Б. 3.
98. Төлеуханқызы, А. Серілердің жалғасы Серік ақын [Мәтін] : [поэзия кеші] / А. Төлеуханқызы // Егемен Қазақстан. – 2014. – 12 ақпан. – Б. 7.
99. «Торғай» тарихын ақын жазбақ [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлымен сұхбат] / сұхбаттасқан Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2014. – 5 тамыз. – Б. 12.
100. Жүнісұлы, Мұрат. Сахнада – Нұрхан бейнесі [Мәтін] : [спектакль премьерасы] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2013. – 17 мамыр. – Б. 4.
101. Сағынышым Сарыторғайым [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлымен сұхбат] / сұхбаттасқан Майра Шөкен // Торғай. – 2012. – 6 қаңтар. – Б. 3.

102. Түгелбай, В. Елордаға арналған жыр кеші [Мәтін] : [шығармашылық кеш] / В. Түгелбай // Егемен Қазақстан. – 2010. – 8 маусым. – Б. 14.
103. Ақынның абыройлы атағы [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлына «Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді] / газ. ред. // Қостанай таңы. – 2010. – 21 желтоқсан. – Б. 2.
104. Бораш, Баян. Жәңгір хан тағылымы [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлының «Махамбет пен Жәңгір хан» поэмасындағы хан бейнесіне жаңа көзқарас жайлы естелік] / Баян Бораш // Жалын. – 2010. – № 10. – Б. 75–77.
105. Қадамбаев, Т. Серік ақынға [Мәтін] : өлең / Т. Қадамбаев // Қостанай таңы. – 2007. – 23 наурыз. – Б. 4.
106. Жүнісов, С. Өлеңнің ақжал толқыны [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлы – 60 жаста] / С. Жүнісов // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 24 ақпан–2 наурыз. – Б. 6.
107. Бектемісов, Асқарбек. Сұлу жырдың сұңқары [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлы – 60 жаста] / Асқарбек Бектемісов // Қостанай таңы. – 2006. – 21 ақпан. – Б. 4..
108. Тәшетұлы, М. Он бес жасында ақындығымен танылған [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлы жайлы бір үзік сыр] / М. Тәшетұлы // Қостанай таңы. – 2006. – 29 наурыз. – Б. 6.
109. Досжан, Дүкенбай. Жүрек шамы [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлы жайында] / Дүкенбай Досжан // Егемен Қазақстан. – 2006. – 1 наурыз. – Б. 6.
110. Кекілбаев, Әбіш. Арлан ақын [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлы жайында] / Әбіш Кекілбаев // Ана тілі. – 2006. – 6 шілде. – Б. 7.
111. Мұсабаев, Х. Өлеңнің қара қобызы [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлы – 60 жаста] / Х. Мұсабаев // Біздің Торғай. – 2006. – 14 шілде. – Б. 3.
112. Сағитова, Г. Арлан ақын әлемі [Мәтін] : [көрнекті ақын Серік Тұрғынбекұлы – 60 жаста] / Г. Сағитова // Қостанай таңы. – 2006. – 25 шілде. – Б. 1.
113. Мұқатов, Нағашыбай. Аққу жыр Астананың аспанында [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлының 60 жасқа толу мерейтойынан] / Нағашыбай Мұқатов // Қостанай таңы. – 2006. – 4 тамыз. – Б. 4.
114. Марат, Арман. Ақынға құрмет көрсетілді [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлы] / Арман Марат // Қостанай. – 2006. – 1 тамыз. – Б. 3.
115. Шүкірұлы, Сабыржан. Өз биігіне көтерілген ақын [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлының шығармашылығына орай бірер сөз] / Сабыржан Шүкірұлы // Қостанай таңы. – 2006. – 12 қыркүйек. – Б. 5.
116. Шүкірұлы, С. Биігіне көтерілген ақын [Мәтін] : [Серік Тұрғынбекұлының шығармашылығына орай бірер сөз] / С. Шүкірұлы // Қазақстан Заман. – 2006. – 29 желтоқсан. – Б. 14 ; Таң-Шолпан. – 2007. – № 2. – Б. 87–95.

117. Ораз, Нұрғожа. Сарыарқа саңлағы [Мәтін] : [Серік Тұрғынбеков жайлы естелік] / Нұрғожа Ораз // Жаңа Сарыарқа. – 2006. – № 1. – Б. 39–43.
118. Астанада музейі бар Сәкеннің... [Мәтін] : [Астанадағы Сәкен Сейфуллин мұражайының директоры Серік Тұрғынбекұлымен сұхбат ] / сұхбаттасқан Думан Рамазан // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 15 қазан. – Б. 6–7.
119. Байжан, Ахметхан. Торғай тағы да топ жарды [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбеков Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығын жеңіп алғандығы туралы] / Ахметхан Байжан // Торғай. – 2003. – 11 сәуір. – Б. 1.
120. Поэзияның бір мергені [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлымен сұхбат] / әңгімелескен М. Оташұлы // Қостанай таңы. – 1999. – 3 тамыз. – Б. 3.
121. Оспанов, Сейфолла. Торғай түлегі – жыр қыраны [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбеков жайлы] / Сейфолла Оспанов // Торғай таңы. – 1996. – 4 қыркүйек. – Б. 4.
122. Мұқатов, Нағашыбай. Сел сезімнің иесі [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбеков 50 жаста] / Нағашыбай Мұқатов // Торғай таңы. – 1996. – 12 маусым. – Б. 3.
123. Абдуллина, Э. Өлеңнің өрен жүйрігі [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбекұлы туралы] / Э. Абдуллина // Торғай. – 1996. – 3 тамыз. – Б. 4.
124. Әлімбаев, М. Серіктің сергек серпіні [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбековтың шығармашылығы туралы] / М. Әлімбаев // Қазақ әдебиеті. – 2000. – 23 шілде. – Б. 13.
125. Жүнісұлы, Жақсылық. Туған жердің көгалына аунатып... [Мәтін] : [ақын Серік Тұрғынбеков жайлы] / Жақсылық Жүнісұлы // Торғай таңы. – 1990. – 10 тамыз. – Б. 1, 4.

## Замандас құрдастары, інілерінен ізгі тілек



«...Өлең де ақынның перзенті. Сондықтан да болса керек, ағыл-тегіл ақтарыла сөйлейтін Серіктің жырлары да арнасынан асып-тасып ағып жататын ақ бұлақтай құйылып, ақ көңілі мен ақ ниетіндей жаныңды баурап алады. Ойлы, ойнақы, астарлы, айшықты, бейнелі, бедерлі.

...Серік қысқа лирикалық өлеңдердің ғана емес, эпикалық шығармалардың да шебері.

«Нан туралы баллада», «Барлыхан», «Бұлақ», «Сырбайдың даусы» балладалары мен «Мандат», «Махамбет және Жәңгір хан» поэмалары, «Кейкі батыр» тарихи дастандары соның айғағы».

**Серікбай Оспанов,  
ақын, Халықаралық Жамбыл атындағы  
сыйлықтың лауреаты.**



«...Серік Тұрғынбекұлының өлеңінде – өзіндік мінез, өзінде – ақындық мінез мол. Өмірде де, өлеңде де бастаған ісі бітпей, жан жомарттығы мен жүрек мейірімі толастамай, ойын ірікпей, сөзін бүкпей, ағынан жарыла білетін бұл ақында шынайылық мол. Ол көбінесе, көңіл-күй сезімнің ақыны».

**Күләш Ахметова,  
ақын, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты.**



«... Серік өлеңдері өзіне тән қарапайым көрінеді, форма жағынан да бір өңкейлеу, көз тарта бермейді. Бірақ Серіктің салмақ салатын жері – мәселенің түбі, ойдың терең қазығы. Жайша да мәлім жайттар кенет өлең аяғында тұтқиылдан биік шешім қабылдап кетеді. Жай ұстасып жүріп-жүріп, бірақ шалатын балуандар сияқты. Оның бұл бағытынан арылмағанын қалар едім».

**Гафу Қайырбеков,  
Қазақстанның Халық жазушысы.**



«...Бүгінде Елордада тұратын Серік Тұрғынбекұлын қалың оқырман қауым, «Астананың бас ақыны» деп санайды. Оған Серіктің жасы да, шашы да, шашасына шаң жұқырмайтын тұлпарлығы да, қияға самғайтын сұңқарлығы да толық дәлел

... Ақын сезімнің алдамайтындығын, ақынның ұшқыр қиялы ұшқары сөз емес, ұлттың қамын күйттейтін киелі ұғым екенін бағамдауға болады. Серіктің өзі таңдаған осы бір қиын да күрделі жолына ақын ағасы ретінде әрдайым сәттілік тілеймін».

**Сәбит Досанов,  
жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының және  
«Түркі әлеміне сіңірген еңбегі үшін»  
Халықаралық сыйлықтың лауреаты.**



«...Дастан қазақ топырағында қалыптасып, қабырға қатайтқан оқиғалы поэмалардың үлгісінде жазылған. Жат жұрттың рухани үрдісіне еліктеуі де, солықтауы да жоқ. Сөйте отырып, бес ғасырлық мектебі бар қазақ поэзиясының поэтикалық мол ғибратын ақын Серік пайдаланып отырады. Бүгін буынмен төрт тағандап қат-қатымен түсіп отыратын жыр шумақтары сұлу суретімен, сыршыл сезімімен, сындарлы ойымен оқырман жүрегін тербейді. Тербей отырып тебіренеді. Тебіреніп отырып кеше мен бүгін және болашақ туралы толғантады. Шынайы өнердің шапағаты осында болмақ».

**(«Кейкі батыр» дастанына пікір)  
Акселеу Сейдімбеков,  
Филология ғылымдарының докторы,  
профессор, жазушы, ҚР Мемлекеттік  
сыйлығының лауреаты.**

## Қаламгерлер пікірлері

*Серік – өлеңдерін сүйіп оқитың ең сүйікті ақындарымның бірі*

**Хамит Ерғалиев**  
**Қазақстанның халық жазушысы**

*Серіктің «Бес күйуге тиген әйел» туралы балладасын қатты қызығып оқыдым. Бұл махаббат тақырыбы емес, трагедиялық әйел тұлғасы. Бір әйел арқылы бүтін бір ғасыр бейнесін береді. Әйел жанын көркем жырлаған орыс поэзиясындағы Анна Ахматова да, өзіміздің Мағжан да мұндай табиғи құбылысқа тап келген емес.*

**Зейнолла Қабдолов,**  
**академик, жазушы.**

*Серік – келешектегі кемел ақын.*

**Қыдыр Мырза Әли,**  
**Қазақстанның халық жазушысы**

*Серік Тұрғынбекұлы – қазақтың қара өлеңінің ақжал арыстаны*

**Сәкен сері Жүнісов**

*...Маңғаз басып, мағыналы сөйлейтін маңмаңкер ақын*

**Иран-Ғайып (Оразбаев)**

*Серік өлеңдері арындап алып тақашпайтың, бір орнында тапжылмай тұра да бермейтің, бойында қан бар, байыпты, байсалды жырлар. Ол юойындағы барын шашпай-төкпей, асықпай-аптықпай жайымен, ақылмен жырлауға ұмтылады.*

**Мұқағали Мақатаев**  
**Мемлекетті сыйлықтың лауреаты.**

*... Мұқағали сонау бір тұста, Серіктің балған-балғын тұсында «Бойындағы барын шашпай-төкпей, асықпай-аптықпай жайымен ақылымен жырлауға ұмтылады» – деген екен.*

*Ал, бүгінгі Серікте сезім серпіні басым, өлеңдерінде бұлқыныс, буырқаныс бар. Өйткені, мүлейім момақан музадан мықты мінез болмайды.*

**Мұзафар Әлімбаев**  
**Қазақстанның халық жазушысы**

## Қазақтың қара өлеңінің ақжал арыстаны (С. Тұрғынбекұлына арналған арнау өлеңдер)

### Серігім

Серігім, менің Серігім,  
Еңіреп туған Ер інім.  
Өзгеге үлес бермейтін-  
Өзісің нағыз Серінің.

Қызыққа ертіп жүресің  
Қыздарды ылғи перінің  
Қызынып кейде кетесің,  
Қыздырып жырдың көрігін.

Жентектеп сөзді тастайсың,  
Жеміндей шашқан бөрінің  
Жырдария – жүрегін,  
Көлдария көңілің.

Сенде бір күйеу баласы  
Сырдария елінің,  
Жақысылыққа жұғысып,  
Жамандықтан жерідің.  
Шашынды қырау шалғанша,  
Шашалыпта төгіліп –  
Басылмадау желігің!

*шілде 1978 жыл  
Сырбай Мәуленов*

## Ағадан ақ тілек

(қолтаңба)

Ал, інім алқалы топ-алған беттен,  
Қайтпа тек, қыран сынды самғап өткен.  
Қону бар құс болғанға ұшқаннан соң,  
Қашаннан қонар жерің арман еткен.  
Сол жерге біз жетпесек сен жетерсің,  
Жаралы жүрегіңді емдетерсің.  
Әдилеп ақ бесікті ән-жырынды,  
Туған жер топырағына тербетерсің.  
Ойнадым көк аспанның тартып күнін,  
Отырмын осы тойда шалқып бүгін.  
Ғафудан артықпын деп айта алмас ең,  
Дариға-ай, Анаң барын артықтығың.  
Әуелетсін жүдемеген баспанадан,  
Жақсыға дастарханын ашқан әмән.  
Жұлдызың аман болу үшін Серік,  
Әрине, болу керек аспан аман.  
Бұл күнде жүрек жуас, көңіл кермек,  
Өлеңмен салдың біраз өмірге өрнек.  
Жатармын разы боп ол жақта да,  
«Е бәсе, інім бар ғой, менің де»! деп

*Ғафу Қайырбеков*

## Серік Тұрғынбекұлының еңбектері






# КЕЙКІ БАТЫР

(Тарихи дастан)

## ТАЛАНТ ШАПАҒАТЫ



лек кітап шықты, дастан жазылды. Оның ерлігі киноға түсірілді. Аманкелді бабамыздың ерлігі мен еділігі, батырлығын, адамгершілігін "еңбектеген бабадан, еңкейген көріге" дейін білді десек, бұл артық айтқандық емес.

Ал, Кейкі туралы ше? Кейкінің аты, оның ерлігі ел ішінде аңызға айналғаныммен, өткен ғасырдың тоқсаншы жылдарына дейін аты анық айтылып қалғанда түскен жоқ. Өйткені, елі ер десе, кеңес үкіметі ол "жау" делі. Тек, Ақан Нұрманов қана "Құлағым ажалы" атты кітабында Кейкінің бейнесін әдеби сомдады, оны біреу білді, біреу білген жоқ.

Кейкінің бағы еліміз төуелсіздік алып, "өз қолымыз өз аулымызға жеткенде" ғана жанды. Әубәкір Қылышбаев, Мақсұтбек

ортаға шығарып, кең диапазонды, жан-жақты қамтып, бір кітап көлемінде "Кейкі батыр" атты дастан жазып бөрімізден озып шықты. Бұл тарихи дастанда Аманкелді мен Кейкі ерлігі қатар өрнектелді.

Оқырман қауым, енді бұл кітаптың күнделігі, жерлес ақынның дүлдүл таланты туралы жіліктеп, жаға қалып мадақтар болсам, "Өзімізді өзіміз дөріптегендей болармыз" деген оймен осы кітапқа алғы сөз, соңғы сөз жазған дуалы ауызды, қазіргі төуелсіз ел өдебиетінің ту ұстарларының біріер пікірін келтіре кеткенді жөн қордым.

Кеністеп, кемең бастап тулар желіс. Қайратына енді мініп, қарқынына енді келе бастаған сөйгүліктің сөреке аршыны. Бәрі-бәрі көңіліңнің қоспашы келтіреді.

Қазақ өлеңінің жалында құйындай ойнайтын шабандоз ақын Серік Тұрғынбекұлы бұл дастанда су шайқалмас жорғадай төгіліп-ақ барыпты... Кеністеп, кемең бастап тулар желіс. Қайратына енді мініп, қарқынына енді келе бастаған сөйгүліктің сөреке аршыны. Бәрі-бәрі көңіліңнің қоспашы келтіреді.

Кітапқа соңғы сөз жазған, филология ғылымдарының докторы, жазушы Ақселеу Сейдімбек былай дейді:

"...Бес ғасырлық мектебі бар қазақ поэзиясының поэтикалық мол габриатын Серік қайсысыз найдаланып отырарсыз. Бүгін бұрынмен төрт тағалып қат-қатымен түсіп отыратын жыр шумақтары сұлу суретімен, сыршыл селімімен, сындарлы ойымен оқырман жүрегін тербейді... Шынайы өнердің ғана шапағаты осындай болмақ".

Бұдан артық, енді не деуге болады. Торғай топырағынан соңғы жиырма бес жылда мұндай кітап жаратылған жоқ. Оны ту дырған - жерлесіміз Серік Тұрғынбекұлы.

Бұл кітап жөнінде редакцияның өз жоспар-мүддесі бар. Ол енді алдағы күндердің өңгімесі.

Бүгін біз ұлыстың ұлы күні осы дастаннан гәлет көлеміне қарай ықшамдалған үзінді жариялауды жөн көрдік.

Ахметхан БАЙЖАН.



Торғай. 25 қазан. 2022 жыл. Б. 3.

Сүйінші!

## ТОРҒАЙ ТАҒЫ ДА ТОП ЖАРДЫ

Қуан Торғай, сүйінші Торғай!  
Тағы бір ұлын - шашасына шаң жұқпайтын дүлдүл ақын, тілмәр жақ жерлесіміз Серік Тұрғынбекұлы "жүзден - жүйрік" озытын долады тартысқа түсіп, Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығын жеңіп алды.

"Айды аспаннан шығарды" деген осы, ағайын. Ақкөңіл де ажарқын бол-мысымен, табиғи адами ізгі қасиетімен көпке сыйлы, көкірегі ашық, көңілі тұнық Секең соңғы жылдары шығармашылық шабыттың асқаралы биігіне келеді. Бірінен соң бірі "өмірге" келген "Өліара" өлеңдер жинағы, "Кейкі батыр" тарихи дастаны көптең бері ел арасында мақталып, құйма құлақтардың жадында жатталып жүр еді.

Соңғы елге келген бір сапарында: "Секе, мықты-мықты дүниесізді мақты-мықты өрге неге ұсынбайсыз", - деген базынамызға: "Әр нәрсе уақытымен, сабырлы сөтіммен", - деп бір қойған-тын.

Сол сөт сағаты туған-ақ екен жөне анау-мынау емес, Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығына туған екен. Секең бұл сыйлыққа бөрімізге танымал "Кейкі батыр" тарихи дастанын ұсыныпты.

"Елім, жерім, қалың ел қазағым" деп, қолы қазақтың жауының жағасында кеткен, адамзаттың арланы һәм батыры Кейкі бабамыз түн ұйқысын төрт бөліп - өзін жанғыртып қазақ елінің көгіне көтерген туған жерінің түлегіне деген ризашылық сезімімен, жарықтық, жатқан жерінде бір аунап түскен-ақ шығар. Ең бастысы, Секеңнің тұма таланты, айбаты мен асқақ ойы, сөз маржаны қиын жанр - жыр аулық, танды таңға ұрып тыңдалатын хиссалық негіздегі осы дастанға телегей теңіз болып құйылғаны да шындық. Бір сөзбен айтқанда, Халықаралық мөртебедегі "Алаш" әдеби сыйлығы өз орнын қапысыз тауып, өрелі шыңға көтерілді. Сыйлықтың өзі де, оның иесі де бір-біріне тең, төрттаған.

Қадірлі Секе, сізге мықты денсаулық, озбайтын бақ, тозбайтын бақыт, шапқар шабыт тілейміз.

Сыйлық көп болсын!  
Біз сізді өрқашан алдан күтеміз.

Ахметхан БАЙЖАН.




Торғай 11 сәуір. 2003 жыл. Б. 1.

## Табылға

Іздеймін жолға шықсам, Табыл аға!  
Ізгіден - өзіндей жан табыла ма?!  
Қуәсің - Торғайдағы толған іске,  
Қуәсің - менің жастық шағымға да!

Атыңды ертеден - ақ білуші едім,  
Әзілдеп, кейде ойнап - құлуші едім.  
Ойылда туғаныңды кейін естіп  
Ойымда - Торғайлық деп жүруші едім!

Ішінде көп әңгіме талай кептің,  
Қиналмай былай өттің, алай да өттің.  
Апырмай, халық жауы баласы боп,  
Ағажан, осы күнге қалай жеттің?

Жеңемді құрметтедің - жан жарыңды,  
Аялап, күте білдің балаларыңды,  
Талай жыл радиоға қызмет етіп  
Архивке жалғастырдың арманыңды.

Өзіңе байлағандай құс қанатын,  
Өз жолын қаламгердің ұстанатын.  
Бұл күнде мазасыз жан болып алдың  
Қоятын архив десе ішкен асын.

Ісі деп жазушы мен ақындардың,  
Біраз жыл ащы судан татып алдың.  
Құшақтап көне қағаз құжаттарды,  
Архивге айлап - жылдап жатып алдың.

Орынбор, Омбы және Жаманқала,  
Сапарың қоймас елі тәмамдала!  
Жақында Барнауылға барып қайттың,  
Ілінді көп қазына қаламға да!

Ол аздай бардың Уфа, Қазанға да,  
Кеш түгіл ұйықтамайсың, азанда да!  
Орында тағат тауып отырмайсың,  
Жас күнде болғансың - ау мазақ бала.

Батырсың кетер кезде төте сілтеп,  
Ер жігіт өз парызын өтесін деп.  
Жетелеп Орынборға алып бардың,  
Архивтің көрсетейін көкесін деп.

Күтеді әр жазушы, ақынды ел,  
Тәкеңе қыран қустың қанатын бер?!  
Өттім деп жетпіс бестен аялдама  
Алдында толып жатыр баратын жер!

Серік ТҰРҒЫНБЕК,  
Халықаралық «Алаш»  
сыйлығының иегері

Арқалық хабары. 26 желтоқсан. 2025 ж. Б. 8

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын:

## «ӨЛЕҢІНДЕ МІНЕЗІ ЖОҚ АҚЫНДАРДЫ ХАЛЫҚТЫҢ ӨЗІ ШЕТКЕ ЫСЫРЫП ТАСТАЙДЫ»

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлттық рух пен сананың кемелденуіне, дәстүріміз мен тілімізді, мәдениетімізді сақтауға, төл әдебиетті дамытуға баса назар аударылады. Осы орайда, өзінің лирикалық шығармаларымен қазақ әдебиетіне өлшеусіз үлес қосып жүрген белгілі ақын Серік Тұрғынбекұлы ұлттық рух, қазақы тәрбие тақырыбында «ҚазАқпарат» тілшісіне сұхбат берген екен. Сол сұхбатында ақынның әдебиет туралы айтқан пікірін оқырман назарына ұсынып отырмыз.



– Бостандыққа жету жолында талай тұлпардың тұяғы, қыранның қияғы тозды. Сол кезеңде туған топырақты тулақ етпеу, асыл адамдарымыздың абыройын түсірмеу міндеті тұрды. Тағдыршешті қилы уақытта әдебиет те өзіндік серпін берді. Шынында да біз әдеби шығармалардың септігімен көп нәрседен аман қалдық. Мен мұны сенімді түрде дәлелден беремін. Сол уақытта рухты ақындарымыз бен жазушыларымыз болмаса, мәңгілік тұңғышқа кетіп қалар едік. Қазақтың салт-дәстүрлері, тіл мен діл, төл әдебиетіміз мәңгілікке қызмет етуі тиіс. Мұны Елбасы өзінің бағдарламалық мақаласында қадап айтты.

Қазіргі жаһандану кезеңінде жойылып кетуден аман қалуын ойлаған әрбір халық алдымен өзінің байырғы рухани-тектік қасиеттерін мейілінше жаңғыртып, осы арқылы заманауи ғаламдық бәсекелестікке төтеп бере алу жағын ескергені жөн. Біз бүгінгі жылдай жұтынып тұрған мына ғасырда қазақтығымызды сақтап, ұлт ретінде жойылып кетпей, қалай аман қалмақпыз? Бұл сұрақ бәрімізді мазалайды.

Меніңше, ұлттық кодты жаңғыртып, бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы жасалуы керек. Сол арқылы жас ұрпақ ұлттық рухты бойына сіңіруі тиіс. Өз басым өлеңдерімде ана тіліміздің, еңсесін әрең көтеріп келе жатқан ұлттық рухымыздың жағдайын көрсетуге тырысамын.

Айналадағы саяси өзгерістер де біздің назардан тыс қалмақ емес. Нағыз ақын ұлттық рухпен ғана ақын. Ал өлеңінде мінезі жоқ, жағымпаз, тек марапат пен атақ іздеген ақындарды халықтың өзі шетке ысырып тастайды. Одыраңдаған одашылар қаптады. Өлеңдерін үш қайталасақ та ұқпайтын ақындар бар. Мадақтарының бәрі –шылқыған өтірік!

Пайдакүнемдікке тосқауыл болатын – рух. Соны түсінейікші. Кеңес одағы кезінде жұрттың киер киімі бүтін, ішер асы жеткілікті болды. Ештеңеден тарсылық тартқан жоқпыз. Ал рухани, тіл мен дәстүр жағынан теперіш көрдік. Қызыл империяның қол астында болса да халықтың бойындағы

рух күшті еді. Сол күштің, жоғарыдағы айтқан мықты әдебиетіміздің арқасында елдікті алдық. Асқақтығымыз бен қайнаған намысымыз жастарды алаңға алып шықты. Жұрттың жүрегіне жылу берді. Өнменнен өткізердей өктем сөз бар еді. Мысалы, қазақ тарихындағы қайталанбас тұлғалардың бірі Өзбекәлі Жанібек соқыр жүйенің астында тұрып-ақ, ұлттық идеяны, мұраны жүзеге асырды. Сақтады. Мінез көрсетті. Илияс Омаров, Нұртас Оңдасыновтардың ерлігін бүгінгі жастар біле ме екен? Дінмұхамед Қонаев сондай азаматтардың бетін қайтарып тастамай, керісінше, дем беріп отырды. Бұл жеке бастың емес, бүтіндей бір қазақ ұлтының қамы үшін екенін жақсы түсінді.

8 ST kostanaytany.kz

РУХАНИЯТ

Қостанай таңы  
2026 жыл 3 наурыз



ЖОНАС ЖҮСІПБЕК

1 наурызда қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Алаш» сыйлығының, «Парасат» орденінің иегері Серік Тұрғынбекұлы 80 жасқа толды. Қабырғалы қалагердің мерейтойы – Тобыл-Торғай жұртшылығының да мерекесі. Ардақты ақынды облыс әкімі Құмар Ақсақалов бейнебаулымен бірге бір топ азаматы елордаға қарияның қуанышын бөлісуге арнайы барды.

Серік Тұрғынбекұлы – қазақ поэзиясына орасан олжа салған, өз толқының өрнегі бөлек өкілі саналатын

ақсамақ ақын. Еркін тынысты эпик, сезімтал аудармашы. Ұлт баспасөзі мен телевизиясына есеп еңбек сіңіріп, өсімін қалдырған журналист. Театр сахнасына тың туындылар қосқан драматург. Ел аузындағы, жұрт жадындағы қаншама ән ағамыздың өлеңіне жазылды. Торғайдың Тосынында

туып, «қалың елдің ішіне сорпаға салған тұздай сіңіп кеткен» Серік ақын қазығның қастерлі тұлғасына, ақ басты асқар шыңына айналып отыр.

Сексеннің сеніріне серек шыққан ақынды көктемнің алғашқы күнінде жарыса құттықтаған қауым көп. Интернет кеңістігінде лебіздер легі толастамай жатты. Елордада тұратын ақынның шаңырағы да тілектес қауымнан босамағы анық. Жерлесімізді мерейтойымен құттықтап, ыстық көңілін білдіру үшін қостанайлық делегат та арнайы барды. Облыстық Мәдениет басқармасының басшысы Құралбек Атамұратов, Қазақстан жазушылар одағының өкілі Жанұзақ Аязбеков, Ыбырай Алтынсариннің мемориалдық музейінің директоры Марғұлан

Оспанов бастаған азаматтар облыс әкімінің сәлемін жеткізді.

Өңір басшысы Құмар Ақсақалов та сол кезде Серік ағамызбен бейнебаулына шығып, ақынға Тобыл-Торғай жұртшылығының атынан лебіз-ілтпатын білдірді.

«Аға, мерейтойыңыз құтты болсын! Сіз қасиетті Торғай өлкесінен шыққан ардақты қалагерсіз! Біз сізбен мақтанамыз, жақсы көреміз, құрмет тұтамыз! Ағамызбен қол ұстасып, жүзге жетіп, бала-шағаңыздың рахатын көріп, қуаныш-қызыққа бөлене беріңіз!»

Жазға қарай облыс төрінде, сізді дүйім жұртпен ортаға алып, үлкен тойыңызды өткізуге ниеттіміз, аға! Бүгін бір жағынан Альғас айту күні, сондықтан өзіңізге де алғысымыз шексіз екенін айтқымыз келеді!» – деді облыс әкімі онлайн-құттықтауында.

Мерейтой иесі де туған жерден ат терлетіп барған жерлестермен жүздесіп, ерекше қуанып қалғанын жасырмады. Тіпті әңгіме үстінде өңір басшысының әкесін жақсы танытынын, елге сыйлы азамат болғанын айтты.

Құмар Іргебайұлының өзіне де өнегелі ізді басып, елге адал қызмет етіп, халықтың алғыс-құрметіне бөлене беруіне тілек білдірді. Делегация мүшелері де ақжарма лебіздерін айтып,

облыс әкімінің атынан ақынның иығына шапан жапты.

«Астанадан, Алматыдан, жақын маңдағы өзге облыстардан да құттықтап келушілер аз емес екен. Бірақ ағамыздың қостанайлық делегацияға деген көңілі ерекше болды. Үйдегі жеңгеміз де қатты қуанды. «Торғай елінен менің бауырларым келді» деп жүрегі елжірей сөйледі. Бізге ұнағаны, ағамыздың өзі де тын, сөзі де мығым, жақсы көңіл-күйде екен. Жаңа шығармалар жазып жатқан көрінеді. Емен-жарқын әңгіме құрып, ілтпатына бөленіп, өзіміз де бір жасап қалдық», – дейді қалагер, ҚЖО өңірлік филиалы төрағасы Жанұзақ Аязбеков.

Айта кету керек, делегациямен облыс өнерпаздары да ілесіп барып, ақынның сөзіне жазылған әсем әндерді дүркін-дүркін әулетті. Тойдың ажарын аша түсіп, шаңырақ астын шаттыққа бөледі. Мерей өсіп, көңіл аспандап қалған ақжар ақын азаматтарға ақ алғысын жаудырып, жерлестерді сыйлас, қимас көңілмен шығарып салды. Енді, облыс әкімінің өзі уәде еткендей, қалагердің мерейтойы туған жерде жалғасын тауып, жаз ортасында сән-салтанатымен аталып өтпек.

Қостанай таңы. 3 наурыз. 2026 жыл. Б. 8

## Отбасымен



ақын Серік Тұрғынбекұлы жары Жаннамен



Ақынның балалары

## Ақынның абыройлы атағы

Қазақтың көрнекті ақыны, «Алаш» Халықаралық сыйлығының иегері, Астана қаласындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған «Алжир» мемориалдық мұражайының қызметкері Серік Тұрғынбекұлына Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді.

Біз киелі Торғайдың Ақшығанақ ауылында туып, қазақтың ақжал ақыны атанған жерлесімізді, газетіміздің ұзақ жылдар бойғы белсенді авторы Секеңді осынау абыройлы атағымен құттықтап, жаңа шығармашылық табыстар тілейміз.

**«Қостанай таңы» газетінің ұжымы  
Қостанай таңы. – 2010. – 21 желтоқсан. – Б. 2.**



Әріптестерімен бірге түскен фота



**1974 жыл**



**ақын Серік Тұрғынбекұлы Қостанайдағы Ұды Даланың ұлы тұлғасы  
Шақшақ Жәнібек ескерткішінің ашылу салтанатында**



**Бауыржан Бабажанұлы, Сәкен Есіркеп, арқалы ақын Мұхарбек Жәкейұлына ақын «Жүрегім – мұнның ұясы» атты кітабын тарту сәтінен**



## Ақын жырларынан

### ТОРҒАЙ ЖАҚҚА БАРСАМ МЕН...

Қарсы алса достар қанша бір жүрек,  
қанша әнмен,  
Қариялардың құлақ құрышы қанса әбден.  
Ақ әжелердің ақ жаулығына  
Оралып қалам амалсыз,  
Торғай жаққа барсам мен.  
Алқынып ұшып,  
алапат көңіл аңсаумен,  
Жұмысың жоқ қой жалығумен де шаршаумен.  
Адырдан асып кетемін сонда  
ақ сағымдардың ішімен,  
Торғай жаққа барсам мен.  
Оқысаң жырды,  
қасыңда тұрса жан сәулең,  
Ананың нұрлы жанарынан  
тамшы боп жерге тамсам мен,  
Інішектердің қолынан ұстап,  
иіскеп сүйіп жатамын,  
Торғай жаққа барсам мен.

Төгіліп тұрсам,  
кеудемде мөлдір кәусармен,  
Дала бір жатса бар көркіменен,  
бар сәнмен.  
Ішпей де жемей,  
мейірімдерге  
қаламын сонда мас болып,  
Торғай жаққа барсам мен.

Торғайдың атырабында  
Өткен талай ұрыстар бар.  
Торғайдың топырағында  
Қираған қылыштар бар.  
Тұлпарлардың тұяқтары  
Қара жерді тепкілеген.  
Жылап бала, жылап кәрі,  
Медеу беріп дос тілеген.  
Ат арыды ауыздықтан,  
Нәр татпаған қанша күннен.  
Ел езілген жауыздықтан,  
Қара жерге қан төгілген.  
Тар заманның жат тынысы

Талай тағдыр тайталасқан.  
Амангелді ақ қылышы  
Адалдықты айқара ашқан.

### **КАЗАК ТІЛІНЕ ҚАН КЕРЕК**

Жаксы бір хабар естідім,  
Жадырап кетті жан кенет...  
Көзіндей болған ескінін  
Қазақ тіліне қан керек!  
Тұманды мынау торланған  
Қуатын арай таң керек.  
Қорланған, әбден зорланған  
Қазақ тіліне қан керек!  
Шошыдым талай түсімнен,  
Жұбандым «оған нанба!» деп.  
Кесілген, әбден үсінген  
Қазақ тіліне қан керек!  
Сөйлесін әркім еркімен,  
Заманға лайық, Заң керек.  
Арылсын десен дертінен,  
Қазақ тіліне қан керек!  
Билігін құрып далада,  
Тентекті терген соттатқан,  
Батырды, ханды тоқтатқан,  
Данышпандарын жоқтатқан.  
Бақыты тайып бұл күнде,  
Жасына жетпей тоқтасқан.  
Темірдей тозып тот басқан  
Қазақ тіліне қан керек!  
...Басынып кетіп әлдекім,  
Сүйекке түсті таңба көп...  
Қайда әлгі «жедел жәрдемін»,  
Қазақ тіліне қан керек!

## ҚАНАТТЫ ҚАЗЫНА

Қала бұл кең даладан кен іздеген.  
Қала бұл байлығы тең теңізбенен.  
Бір кезде жүрген жерде өгізбенен,  
Зулайды сансыз состав поезбенен.

Тұр Арқалық  
Танытып дара тұлға,  
Жыр болып,  
Шабыт болып  
Бар ақынға.  
Қазынасы - домна пештерінде,  
Қазынасы - самолет қанатында.

Ықыласын ылдида  
Ырғыз ұққан.  
Шалғайда  
Шалқар ұққан.  
Алғыс ап бар халықтан,  
Тыңдадым талай рет  
Деген сөзді:  
«Самғаған қырандардың  
Сан мыңы Арқалықтан».

... Дала жым-жырт  
Қойнынан  
Қызыл күңгірт  
Тас табылып,  
Поездар қорабына  
Ақтарылып.  
Жөнейді заводтарға,  
Оранып ақ оттарға,  
Ал сонан сон  
Бір әппақ құсқа айналып,  
Дүниенің төрт бұрышын ұшты айналып.  
Қарағанда қызытып дала мына,  
Қонады қыран болып  
Алматы,  
Арқалық,  
Аэропорт алаңына.  
Қашаннан қасиеті кемімеген,  
Өзгеше өңірі - жыр, өмірі - өлең.  
Ұшырған ақ құстарын аспанына  
Арайлы Арқалығым,  
Келемін бірге жасап сеніменен!

## «Нұрхан» драмасынан көрініс

Кейінгі кездерде ақын Серік Тұрғынбекұлы драмалық шығармаларға ден қоя бастады. Мұның алдында Торғай театрында қойылған «Нұрхан» шығармасын былай қойғанда, соңғы жылдары Астанадағы Қ. Қуанышбаев атындағы музыкалық-драма театрының сахнасынан тұрақты орын алған «Мұқағали» спектаклі сөз жоқ, Серік ақынның тағы бір қырын таныта түскендей. Оған қоса ақын Серік Тұрғынбекұлының қазақ композиторларының әсем әндеріне жазған өлең мәтіндерін қоссақ, ардақты ақынның абыройы артып, тұғыры биіктей түсері хақ.

## Сахнада – Нұрхан бейнесі

**Мұрат  
ЖҮНІСҰЛЫ**

Қаладағы қазақ жасөспірімдер театры туған жер тарихын зерделетуде де мол еңбек сіңіріп келеді. Жақында театр сахнасында жерлесіміз, ақын, драматург, мемлекеттік "Алаш" сыйлығының иегері Серік Тұрғынбекұлының "Нұрхан" драмасы сахналанды. Халық асылын аңсап қалған екен. Қойылымды қалт етпей бастан-аяқ тамашалады.

Қойылым басталарда кара түнекті домбыраның тәтті үні түреді. Жарық бірте-бірте қоюланып, сахнадағы көрініске түседі. Нұрхан және оның үзеңгілес достары Ахметхан мен Айса ортада. Бұл Нұрханның атақты "Қарға" дастанын айтып отырған кезі. Қапталдағы көріністен Төлек Жәуке батырдың көрқап киіп қорқытпақшы болған Қарға ұрыны ұстап алған сәті айшықталады. Былай қарағанда кәдімгі әншілердің бейнебаяны сияқты.

Театр әртістері рөл-



дерді шебер орындап шықты. Нұрханды сомдаған республикалық театрлар фестивалінің лауреаты Орынбасар Қойбағаров, Айса рөліндегі Халықаралық шығармашыл жастар фестивалінің лауреаты Нұрлан Байшин, Ахметхан – Әлібек Манетов, Қонжықбай – Бағдат Оспанов, Күлөнда қыз – Бақыткүл Ордабаева, Әдібай бай рөлінде ҚР мәдениет қайраткері Оразбек Нұрғали, тергеуші – Ерхан Барақовтар аянып

қалмай бар өнерін салды.

Драманы қоюшы театрдың бас режиссеры Сәлима Тасеменованың атына да жылы сөздер көп айтылды. Қала әкімінің орынбасары Есланбек Мәметтеков, театр директоры Отаркүл Мұқатова, көнекөз қариялар Оркен Алматов, Жұмағали Өмірбек және сахналанған кейіпкерлердің ұрпақтары алғыстарын айтып, дәстүрлі сый-сияпаттар көрсетілді.

Арқалық қаласы.

## Есімдердің алфавиттік көрсеткіші

Абдуллина Ә. 123	Марат А. 114
Ажимухан Б. 97	Мұқатов Н. 113, 122
Ахметбеков Б. 93	Мұсабаев Х. 111
Әлімбай М. 124	Нұрғожа О. 117
Байжан А. 119	Оспанов С. 101
Бектемісұлы Н. 76,107	Сағитова Г. 112
Бораш Б. 104	Сәлібаева Ә. 91
Досанов С. 90	Сейтқожина Г. 81
Дүкенбай Д. 109	Тәшетұлы М. 108
Жақсанов О. 84	Төлеуханқызы А. 95, 98
Жүнісов С. 106	Тұрғынбекұлы С. 1–15, 16–73, 77, 81– 89
Жүнісұлы Ж. 125	Твардовский А. Т. 74
Жүнісұлы М. 100	Шүкірұлы С. 115–116
Кекілбаев Ә. 110	
Көшкінбай С. 96	
Қадамбаев Т. 105	
Қойшыманов Қ. 92,	
Құрманғали Қ. 78	

## Мазмұны

1.Құрастырушыдан.....	3
-----------------------	---

2. Ақынның әдеби мұрасы (өмірбаяндық деректер).....	4
3. С. Тұрғынбекұлының шығармалары.....	5
4. Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары.....	6–8
5. Ол туралы әдебиеттер.....	8–9
6. Мақалалар, сұхбаттар.....	9–12
7. Замандас құрдастары, інілерінен ізгі тілек.....	13–14
8. С. Тұрғынбекұлына арналған жыр жолдары.....	15–17
9. Еңбектері.....	18
10. Баспасөз беттерінде.....	19–21
11. Отбасымен түскен суреттер.....	22–23
12. Әріптестерімен.....	24–26
10. Ақын жырлары.....	27–30
11. Есімдердің алфавиттік көрсеткіші.....	31
12. Мазмұны.....	32

**Құрастырушы: Ж.К. Туякбаева**  
**Шығ.жауапты: С.А.Алматова**  
**Редакторы: Ж.К. Абжанова**

**Басуға 16.03.2026 ж. қол қойылды**  
**Қаріп түрі Times New Roman**  
**Басылымның көлемі: 8**  
**Таралымы: 3 дана**

**«Арқалық қаласындағы  
облыстық №2 әмбебап ғылыми  
кітапханасы» КММ**

---

**110300, Қостанай облысы,  
Арқалық қаласы,  
Абай көшесі, 62.**

**Тел. (факс): 7-09-16  
E-mail: [arkounb@mail.ru](mailto:arkounb@mail.ru)**